

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540
бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 586 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 желтоқсанда № 12468 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабының 8-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде (бұдан әрі - Ереже):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Міндеттемелер бойынша жеке жоспар бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іс-шараларын іске асыруға арналған бюджет қаражатының жылдық көлемдері шегінде ақшалай түрдегі мемлекеттік мекеме қабылдаған міндеттемелердің ай сайынғы көлемдерін анықтайды.»;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының жобаларын шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасы бойынша мемлекеттік мекемелер мынадай талаптардың:

бюджет комиссиясы мақұлдаған және бюджетті бекіткен немесе бекіту немесе нақтылау кезінде қабылданған шешімдерді ескере отырып пысықталған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімінде (бұдан әрі - бюджеттік өтінім) ұсынылған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстардың е с е п т е р і ;

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мақсатында қабылданған нормативтік құқықтық актілер; басқа да нормативтік құқықтық актілер;

міндеттемелерді уақтылы қабылдауды және орындауды қамтамасыз ету; өткен қаржы жылдарында міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының орындалу серпіні негізінде; шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымын ескере

о т ы р ы п

ә з і р л е й д і . » ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру және бағдарламалық құжаттарда көзделген міндеттерді орындау мақсатында заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды іске асыратын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері стратегиялық жоспарына немесе мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламасына (кіші бағдарламасына) сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын жасайды.»;

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер бойынша, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік кредиттер бойынша қаржыландыру жоспарларының жобаларын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тұтастай бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша да, сол сияқты төмен тұрған бюджеттер бойынша да ұсынады. Осы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаржыландыру жоспарларының жобаларына облыс әкімі, республикалық маңызы бар қаланың (астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) немесе төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы қол қойған әрбір төмен тұрған бюджетті қаржыландыру жоспарлары жобаларының көшірмелері қоса беріледі.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Кезекті қаржы жылына арналған түсімдердің жылдық болжам сомасын және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілген бюджетке түсетін түсімдердің жылдық көлемін, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң және мәслихаттардың жергілікті бюджеттер туралы шешімдері негізінде, оларды қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады және бюджеттік сыныптаманың тиісті кодтары бойынша түсімдер жоспарының жобасын жасау үшін салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті түсімдерді, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін, трансферттерді, бюджет кредиттерін өтеу сомасын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдарға жібереді. » ;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармағымен толықтырылсын:

«14-1. Ұлттық қорына республикалық бюджетке тартылған кепілдік берілген трансферт бөлігін қайтару:

қаржы жылы көлемінде - жоспарланғаннан артық күтілетін кірістер түсімдері асып түсу шегінде ;

жыл қорытындысы бойынша – жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен тиісті бюджетті түзету арқылы, ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірілмей, республикалық бюджеттің кірістер бөлігін асыра

орындалған кездегі жағдайларда жүзеге асырылады.

Жоспарланғаннан артық күтілетін кірістер түсімдері асып түсу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, кейіннен тиісті заңнамалық және заңға тәуелді актілеріні, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуімен, Ұлттық қорына республикалық бюджетке тартылған кепілдік берілген трансферт бөлігін қайтару сомасы туралы шешім қабылданады. Қайтару сомасы айқындалғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қорытындыны дайындайды.

Тартылған кепілдік берілген трансферт бөлігін Ұлттық қорына қайтару ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің теңгелік шотына бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органымен мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмасы негізінде жүргізіледі.»;

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары жобасының, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша осы Ереженің 14-20-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша, қаржыландыру жоспарларының жобалары негізінде жасалады.

Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары және ерекшеліктері бойынша жасалатын түсімдердің жиынтық жоспарынан және бюджет шығыстары функционалдық сыныптамасының функционалдық топтары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жасалатын төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарынан тұрады. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары осы Ереженің 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Бұл ретте міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомалары бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттің түсімдері мен шығыстарының сомаларына сәйкес келеді.

17. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.

Облыстың, Астана және Алматы қалаларының бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес облыстың, Алматы және Астана қалаларының әкімдігі жергілікті бюджет туралы облыстық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдағаннан кейін 8 жұмыс

күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді .

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жергілікті бюджет туралы аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға бекіткен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, республикалық бюджет бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, оларды әзірлеуге жауапты бөлімшенің басшысы қол қояды және олардың мөрімен куәландырылады. Жергілікті бюджеттер бойынша - бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға бекітеді, оларды әзірлеуге жауапты бөлімшенің басшысы қол қояды және олардың мөрімен куәландырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы болмаған жағдайда, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары тиісті бұйрықпен олардың міндеттерін атқару жүктелген тұлғалармен бекітіледі.»;

мынадай мазмұндағы 57-1-тармағымен толықтырылсын:

«57-1. Бюджет кодексінің 104-бабының 4-тармағының 4-1)-тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ағымдағы жылдың 20 қаңтарына қарай аяқталу мерзімі осы Кодекстің 157-бабының 1 және 2-тармақтарына және 159-бабының 1-1-тармағында көрсетілген бекітілген құжаттамаға сәйкес бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезеңі бойынша сәйкес келетін бюджеттік инвестицияларды одан әрі қаржыландыру бойынша ақпараттар ұ с ы н ы л а д ы . » ;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган ұсынған, осы Ереженің 57 және 57-1-тармақтарында көрсетілген ақпараттар негізінде белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламалар тізбесін оларды бюджет қаражатының қолда бар қалдықтары көлемінің шегінде ағымдағы қаржы жылы қаржыландыру жөніндегі ұсыныспен бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.»;

60-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) шеңберінде республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясында міндеті түрде қарай отырып, республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар арасында үнемдеу сомасын ауыстыруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) шеңберінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті бюджет комиссиясында міндетті түрде қарай отырып, үнемдеу сомасын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында ауыстыруды жүзеге асырады.»;

61-тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«61. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсанына бір реттен асырмай тоқсанның бірінші айының 25-і күніне дейін, бірақ ағымдағы қаржы жылының 3-інші қазанынан кешіктірмей республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына жүргізілген бюджеттік мониторингтің негізінде қаражатты ағымдағы қаржы жылына арнап бекітілген (нақтыланған) республикалық бюджетте көзделген нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) ішінде облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында ағымдағы қаржы жылына облысқа, республикалық маңызы бар қалаға, астанаға арнап көзделген соманың он пайызынан аспайтын көлемде тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және бюджетті атқару бойынша уәкілетті органның жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша қайта бөлуге қ ұ қ ы л ы .

Берілген өзгертулер аталған Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда, республикалық бюджет бағдарламасының әкімшісі республикалық бюджетті түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасын белгіленген тәртіппен әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсанына бір реттен кем емес тоқсанның бірінші айының 25-і күніне дейін, бірақ ағымдағы қаржы жылының 3-і қазанынан кешіктірмей облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына жүргізілген бюджеттік мониторингтің негізінде қаражатты тиісті аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен және сәйкес жергілікті өкілетті органмен келісу бойынша ағымдағы қаржы жылына арнап бекітілген (нақтыланған) облыстық бюджетте көзделген бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) ішінде аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) арасында ағымдағы қаржы жылына арнап ауданға (облыстық маңызы бар қалаға) көзделген соманың он пайызынан аспайтын көлемде қайта бөлуге қ ұ қ ы л ы . » ;

мынадай мазмұндағы 61-1-тармағымен толықтырылсын:

«61-1. Бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қаражатты жоспарланған түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері сақталған жағдайда бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық шығындар көлемін өзгертусіз бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен:

ағымдағы бір бюджеттік бағдарламаның бюджеттік бағдарламасы немесе ағымдағы бір бюджеттік кіші бағдарламасы шегіндегі іс-шаралар арасында дербес;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыздар, гранттар, нысаналы трансферттер қаражаттары есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттерді қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарламалар арасында;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыздар, гранттар, нысаналы трансферттер және жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер қаражаттары есебінен қаржыландырылатын кіші бағдарламаларды қоспағанда, бір бюджеттік даму бағдарламасы немесе бюджеттік бағдарламаның бір кіші даму бағдарламасы шегінде бюджеттік инвестициялық жобалар арасында бюджет комиссиясының қарауынсыз ағымдағы қаржы жылына арналған инвестициялық жобаға шығыстар көлемінің он пайызынан аспайтын көлемде, бюджет комиссиясында белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарай отырып, ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік кіші бағдарлама шығыстары көлемінің он пайызынан асатын көлемде;

мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен

немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыздар, гранттар, нысаналы трансферттер және жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер қаражаттары есебінен қаржыландырылатын кіші бағдарламаларды қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде дамудың бюджеттік кіші бағдарламалары арасында бюджет комиссиясының қарауынсыз ағымдағы қаржы жылына бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары көлемінің он пайызынан аспайтын көлемде, бюджет комиссиясының міндетті түрде қарауымен ағымдағы қаржы жылына бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары көлемінің он пайызынан асатын көлемде қайта бөлуге құқылы.»;

68-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

109-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«109. Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің мемлекеттік мекемелердің кодтарын , ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын, шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттарды және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын жүргізуі тиісті бюджеттердің, ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан, шетел валютасындағы шоттардан, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарынан, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттардан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан төлемдер жүргізуді және ақша аударуды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген есептерді қалыптастыру мен ұсынуды қ а м т и д ы .

Бір мемлекеттік мекеменің кодынан екінші мемлекеттік мекеменің кодына ақша а у д а р у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттарда ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін жеті жұмыс күні ішінде демеушілік, қайырымдылық көмек түрінде түскен шетел валютасының бар болуына, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылының соңғы жұмыс күні 0900НП «Анықтауға дейінгі шетел валютасындағы сомалар» шотына түскен сомалардың бар болуына р ұ қ с а т е т і л е д і .

Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарында, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарында және жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында пайдаланылмаған ақша қалдықтарының болуына жол

б е р і л е д і .

Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттарда сотқа дейінгі тергеуді жүргізу органы алған шетел валютасын есептеуге арналған, сондай-ақ бағдарламалық сыртқы қарыз қаражатын есептеуге арналған шоттарда пайдаланылмаған ақша қалдықтарының болуына жол б е р і л е д і .

Квазимемлекеттік сектордың шоттарындағы есепті кезеңнің соңындағы қаражат қалдықтары квазимемлекеттік сектордың пайдаланылмай қалған қаражаты болып табылады және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз атқарылуына жатады.»;

139-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Төлем құжатының «Бюджеттік сыныптама кодтары» деген ашық жолағындағы деректемелер ҚР ББС-на сәйкес толтырылады. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік сыныптама кодтарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚР ҰБ) назарына жеткізеді.»;

158-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«158. Бюджеттік алып қоюларды аударудың ай сайынғы мөлшерін республикалық бюджет туралы заңда немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде көзделген, келесі қаржы жылына бекітілген төмен тұрған бюджет кірістері түсімдерінің (азаматтарға пәтерлерді сатудан түсетін соманы қоспағанда, салық, салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер) сомасына бюджеттік алып қоюлар сомасының қатынасы ретінде пайызбен жоғары тұрған деңгейдегі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган есептейді.

Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган 25 желтоқсаннан кешіктірмей жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі органға келесі қаржы жылына арналған кірістердің болжамдық көлемін және түсімдердің жиынтық жоспарының жобасын алдын ала айға бөлуді (ерекшеліктер деңгейіне дейін) береді.

Жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес төмен тұрған бюджеттер кірістерінің мөлшері мен ай сайынғы болжамдық көлемі негізінде бюджеттік алуларды айға сайынғы бөлуді айқындайды және жоғары тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде тиісті жергілікті атқарушы органдардың қаперіне жеткізеді.»;

мынадай мазмұндағы 161-1-тармағымен толықтырылсын:

«161-1. Қолданылу мерзімі үш жылдан асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тіркеу, жылжымалы негізде үш жылдық кезеңге арналып, жоспарлы кезеңге арналған бюджетте жоспарланған қаражатты ескеріле отырып жыл сайын жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

162-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджет кодексінің 97-бабының 4-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасасқан шарттарды аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың, оның ішінде шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін айқындайды.»;

185-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекіткен тізбе бойынша күн сайынғы немесе апта сайынғы қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында пайдаланылған осындай тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің көлемінен аспайтын көлемде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартқан жағдайда тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз еткен;

»

194-тармақтың 13)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) «№ базалық шығыстар сомасы» ашық жолағында жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарындағы базалық шығыстарының сомасы санмен көрсетіледі, үш жылдан асатын болған жағдайда қалған сома жоспарлы кезеңнің үшінші жылдың базалық шығыстарында жалпы сомамен көрсетіледі;»;

213-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«БҚШ-дан ақшаны есептен шығару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорынның клиринг жүйесінде операциялар жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілдедегі № 157 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 905 болып тіркелді) (бұдан әрі - № 157 Қаулы) сәйкес ҚБЕО төлем жүйелері арқылы жіберілген электрондық төлем құжаттары негізінде жүргізіледі.» ;

223-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«223. Мемлекеттік мекеменің қағаз жеткізгіштегі және «Қазынашылық – клиент» АЖ арқылы электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шотының атқарылу күні 5-15 нысанындағы есепке бекітілген төлеуге берілетін шотты енгізген күні болып табылады.

»

мынадай мазмұндағы 234-1-тармағымен толықтырылсын:

«234-1. Мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің елден тысқары іссапарлары мен қызметтік жол жүрулеріне арналған, қонақ үй нөмірлерін жалдауы бойынша шығыстарын өтеу «Стандарт» сыныпы бойынша, көліктік шығыстар - «Экономикалық» сыныпы бойынша және тәуеліктік «Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы № 108 қаулысының

нормалары бойынша жүзеге асырылады.»;

251-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«251. Қолма-қол ақшаны алуды мемлекеттік мекемелер банктің чектері бойынша және (немесе) корпоративтік төлем карточкаларын қолдана отырып жүзеге асырады және осы Ереженің 99-1 сәйкес тізілімі мен мөлшерін анықталған шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жол беріледі.

Қолма-қол ақшаны алу мемлекеттік мекеменің кассалық операцияларды жүргізу бойынша уәкілетті тұлғамен жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің кассалық операцияларды жүргізу бойынша уәкілетті тұлға – мемлекеттің мекеме бастығының бұйрығына сәйкес чектер бойынша және (немесе) корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып, кассалық операцияларды жүргізуді және кассадағы қолма-қол ақшаның сақталуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қызметкер.

Осы Ереженің 229-тармағында көзделген ақшаны банк кассасынан чектер бойынша қолма-қол ақша алу үшін мемлекеттік мекеме банкті өзі дербес таңдайды. Мемлекеттік мекеме, аумақтық қазынашылық бөлімшесі және банк кассалық қызмет көрсетуге осы Ереженің 100-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шарт жасасады.

Қосымша аумақтық қазынашылық бөлімшесі және банк Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес чектерді пайдалану туралы шарт ж а с а с а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 251-1 және 251-2-тармақтарымен толықтырылсын:

«251-1. Корпоративтік төлем карточкасын қолдану арқылы мемлекеттік мекемелердің шығыстары:

1) шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің 99-1-қосымшасына сәйкес мөлшерінде бюджет қаражатының және мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын ақша;

2) айына 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін ақша;

3) мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оны қайтарып алу немесе белгілі бір жағдайлар басталғанда тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға шектеусіз (ақшаны уақытша орналастыру шоты) аудару шартымен беретін ақша есебінен жүзеге асырылады.

251-2. Мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимиті мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарының бекітілген жылдық сомасын ескере отырып, 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» және 162 «Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшеліктері бойынша, мынадай шекте белгіленеді:

5 млн. теңгеге дейін - 50 айлық есептік көрсеткіш;

5 млн.теңгеден 20 млн.теңгеге дейін - 150 айлық есептік көрсеткіш;

20 млн.теңгеден жоғары - 500 айлық есептік көрсеткіш.

Ағымдағы қаржы жылы мемлекеттік мекеменің кодына есептеуге тапсырылмаған мемлекеттік мекеменің кассасындағы бюджеттік қолма-қол ақшаның қалдығы кезекті қаржы жылында 206106 «Бұрын республикалық бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражатты қайтару» және 206107 «Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы» кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары бойынша тиісті бюджетке міндетті түрде қайтарылады.»;

254-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«254. Мемлекеттік мекемелер банк кассасынан қолма-қол ақша алуына аумақтық қазынашылық бөлімшесі банкке қойылған қолдар мен мөр бедері үлгілері бар құжатты 2 данада банкке береді. Қойылған қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжат № 266 Қаулысымен белгілеген нысан бойынша және тәртіппен ресімделеді.»;

265-тармақ алынып тасталсын;

272-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«272. Аккредитивті шетел валютасында ашу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне «Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 199 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9948 болып тіркелді) сәйкес ресімделетін және ұсынылатын өтінімді ұсынады. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген аккредитивті пайдалану көзделген шарт өтінімді ресімдеу үшін негіз болып табылады.

297-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«297. Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік кірістер органдарының бірінші басшының қолы қойылған, елтаңбалық мөрімен расталған шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органының өкімі келіп түскен кезде, қазынашылықтың жауапты орындаушысы салық және кеден заңнамасында көзделген шығыстарды қоспағанда, ҚБШ өкімінде көрсетілуі бойынша мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің барлық төлемдері мен аудармаларын жүргізуді тоқтатады.

Қазынашылық органдарына ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшының қолы қойылған, елтаңбалық мөрімен расталған шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімі келіп түскен кезде, қазынашылықтың жауапты орындаушысы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында және осы Ереженің 296 тармағының 1) тармақшасында көзделген шығыстарды қоспағанда, өкімінде көрсетілуі бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтар мен шоттар бойынша мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің барлық төлемдері мен аудармаларын жүргізуді тоқтатады.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімімен тоқтатылған

мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің барлық төлемдер мен ақша аударымдары, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімінің күшін жою туралы бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі органның елтаңбалы мөрімен куәландырылған құжаттың негізінде жаңартылады.

Өкімнің күшін жою туралы құжат, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы мен БСН, мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы мен БСН, оның негізінде шығыс операциялары тоқтатылған өкімнің нөмірі мен күні, шығыс операцияларын қайта жандандыру керек мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің код нөмірі және шоты.»;

299-тармақтың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ағымдағы қаржы жылында, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қарыздары, гранттары, нысаналы трансферттері есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) шеңберінде және бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, бір ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) шегінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда жергілікті атқарушы органдарға осы тармақтың төртінші бөлігін қоспағанда, аталған соманы үш жылдық бюджеттің жоспарлы кезеңінде көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағыттауға, сондай-ақ:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджет комиссиясының белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарауымен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен келісім бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ;

ауданның, (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарауымен облыстың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының соманы ағымдағы қаржы жылында жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында ауыстыруды жүзеге асыруына рұқсат беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 303-1-тармағымен толықтырылсын:

«303-1. Өткен қаржы жылында республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген, өткен қаржы жылында пайдаланылмаған ағымдағы нысаналы трансферттер сомалары жыл басындағы бюджет қаражаты қалдықтарының және осы трансферттерді бөлген, жоғары тұрған бюджетке төменгі тұрған бюджеттен қайтарылған сомалар, пайдаланылмаған ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке ҚР ББС түсімдердің сыныптама кодына қайтарылуға жатады.»;

309-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«309. Келісім жасасу кезіндегі негізгі сәттер:

1) Келісім жасасу кезінде мақсаттарды, міндеттерді, тікелей және соңғы нәтижелерді ескерген жөн, онда:

«Мақсаттары» деген 2.2-тармақта мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына сәйкес түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған мақсаттары көрсетіледі;

«Міндеттері» деген 2.3-тармақта мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына сәйкес мақсатқа қол жеткізуге бағытталған міндеттері көрсетіледі;

«Тікелей нәтижелер» 2.4-тармағында нысаналы даму трансферттері бойынша ағымдағы қаржы жылына жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынған бюджеттік өтінімге сәйкес нысаналы даму трансферттері шеңберінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялардың атаулы тізбесі көрсетіледі. Бұл ретте ұзақ сипаттағы объектілерді іске асырған жағдайда ағымдағы қаржы жылына орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі көрсетіледі, ал оларды аяқтаған жағдайда ағымдағы қаржы жылында аяқталған инвестициялық жобалардың атаулары көрсетіледі;

«Түпкілікті нәтижелер» деген 2.5-тармақта мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген стратегиялық жоспардың, аумақты дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші көрсетіледі.

Түпкілікті нәтижені айқындау кезінде саладағы (қызмет аясындағы) бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға байланысты проблемалардың шешілуін көрсеткен жөн.

2) Келісімнің 1-қосымшасын толтыру бойынша:

Нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулер туралы аралық есепте тікелей нәтижелерге нақты қол жеткізу туралы, осы кезеңге жоспарланған нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, нысаналы трансферттер сомасының белгілі бір уақыт кезеңіндегі игерілуі туралы деректер келтіріледі.

Келісімнің 1-қосымшасы мынадай тәртіппен жасалады:

«Мемлекеттік органның атауы» деген жолда Келісім жасасқан жергілікті атқарушы орган көрсетіледі;

«Нысаналы трансферттің атауы» деген жолда жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атауы көрсетіледі;

«Есеп кезеңі» деген жолда есепті қаржы жылының жарты жылдығы көрсетіледі;

«Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражаттар сомасы» деген жолда 1 шілдедегі жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

«(бюджеттік бағдарламаның атауы)» және «(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)» деген жолдарда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер іске асырылатын төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атаулары мен коды толтырылады

;

«Тікелей нәтиже» деген жол бойынша:

«Көрсеткіштер атауы (жоспардағы іс-шаралар)» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген, жасалған Келісімде көзделген әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша жоспарланатын (орындалатын) іс-шаралар көрсетіледі.

«Іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы» деген бағанда іс-шаралардың нақты орындалуы, яғни жартыжылдық қорытындылары бойынша жұмыстар неше пайызға орындалғаны, жұмыстардың орындалу кестесінің сақталуы көрсетіледі, жартыжылдықтағы жұмыстардың орындалуы (тауарларды сатып алу) сатысы сипатталады. Тікелей нәтижелер әрбір бюджеттік инвестициялық жоба б о й ы н ш а т о л т ы р ы л а д ы ;

«Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері» деген бағанда атқарылмау сомасына байланысты нысаналы трансферттер бойынша тікелей нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері егжей-тегжейлі сипатталады. Жоспарланған іс-шаралар кестеден кешіккен жағдайда кешігу себептері көрсетіледі;

«Жоспар мың теңгемен» және «Іс жүзіндегі орындалуы мың теңгемен» деген бағандарда есепті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жоғарғы тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің сомасы мен олардың есепті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша төленген міндеттемелер сомалары к ө р с е т і л е д і ;

«Ауытқуы мың теңгемен» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомасы мен олардың есепті қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша нақты атқарылу сомасы арасындағы айырма көрсетіледі.

3) Келісімнің 2-қосымшасын толтыру бойынша:

Нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулер туралы қорытынды есепте тікелей нәтижелерге нақты қол жеткізу туралы, осы кезеңге жоспарланған нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, нысаналы трансферттер сомасының ағымдағы қаржы жылы игерілуі туралы деректер келтіріледі.

Келісімнің 2-қосымшасы мынадай тәртіппен жасалады:

«Мемлекеттік органның атауы» деген жолда Келісім жасасқан жергілікті атқарушы о р г а н к ө р с е т і л е д і ;

«Нысаналы трансферттің атауы» деген жолда жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атауы көрсетіледі;

«Есеп кезеңі» деген жолда есепті қаржы жылы көрсетіледі;

«Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражаттар сомасы» деген жолда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің сомасы көрсетіледі;

«(бюджеттік бағдарламаның атауы)» және «(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)» деген жолдарда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы

трансферттер іске асырылатын төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының (кіші бағдарламасының) атаулары мен коды толтырылады;
«Тікелей нәтиже» деген жол бойынша:

«Көрсеткіштер атауы (жоспардағы іс-шаралар)» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілуі тиіс, жасасқан Келісімде көзделген әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша жоспарланатын (орындалатын) іс-шаралар көрсетіледі;

«Іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы» деген бағанда іс-шаралардың нақты орындалуы, яғни жыл қорытындылары бойынша жұмыстар неше пайызға орындалғаны көрсетіледі, есепті жылы жұмыстардың орындалу (тауарларды сатып алу) сатысы сипатталады. Тікелей нәтижелер әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша толтырылады;

«Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері» деген бағанда атқарылмау сомасына байланысты нысаналы трансферттер бойынша тікелей нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері егжей-тегжейлі сипатталады. Жоспарланған іс-шаралар кестеден кешіккен жағдайда кешігу себептері көрсетіледі;

«Жоспар мың теңгемен» және «Іс жүзінде орындалуы мың теңгемен» деген бағандарда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің сомасы мен ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

«Ауытқуы мың теңгемен» деген бағанда жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің сомалары мен олардың ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақты атқарылу сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

«Түпкілікті нәтиже» деген жолда:

«Жоспарланған көрсеткіштер (іс-шаралар)» деген бағанда әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша жасасқан Келісімде көзделген түпкілікті нәтижелер, яғни, қол жеткізілген тікелей нәтиженің мақсаттарға қол жеткізуде күтілетін әсері көрсетіледі;

«Нәтижелерге нақты қол жеткізу» деген бағанда әрбір бюджеттік инвестициялық жоба бойынша түпкілікті нәтижелердің нақты орындалуы, яғни, қол жеткізілген тікелей нәтиже салаға қандай әсер көрсеткені, ондағы проблема қаншалықты шешілгені көрсетіледі;

«Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері» деген бағанда түпкілікті нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері егжей-тегжейлі сипатталады.

4) 2) және 3)-тармақшаларда көрсетілген есептерге еркін нысанда толтырылған, нысаналы трансферттер есебінен саладағы (қызмет аясындағы) проблемалардың шешілуі, қол жеткізілген мақсаттар, нәтижелердің көрсеткіштері туралы

түсіндірмелерді қамтитын талдамалық жазба қоса беріледі.

Талдамалық жазба облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалануы туралы ақпаратты қамтиды, олардың есепті кезеңдегі жұмсалудың негізгі бағыттарын, қол жеткізілген мақсаттар мен нәтиже көрсеткіштерінің талдауын, нысаналы трансферттер бойынша нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу негіздемелері және себептерімен бірге нысаналы трансферттердің игерілген және игерілмеген сомаларының сипаттамасы қ а м т ы л а д ы .

Қаржы жылы ішінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың сомасын объектілер арасында қайта бөлген жағдайда талдамалық жазбада оларды қайта бөлу с е б е п т е р і к ө р с е т і л е д і .

5) Келісімде дамуға арналған нысаналы даму трансферттерінің бағытына қарай басқа да ерекше, заңнамаға қайшы келмейтін (міндеттер, құқықтар, жауапкершілік, Келісімге өзгерістер енгізу шарттары) шарттар көзделеді.»;

311-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«311. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бюджеттік субсидиялар бөлу көзделген болса, оларды бөлу тәртібі Бюджет кодексінің 35-бабының 5-тармағына с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .»;

315 және 316-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«315. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7701 болып тіркелді) (бұдан әрі - № 154 Қаулы) сәйкес валюта түрлері бойынша ҚР ҰБ белгілеген лимиттен асып түспейтін сомаға валюта түрлері бойынша шетел валютасын сатып алу жөніндегі операция алдын ала мәлімет ұсынбастан жүзеге асырылады.

316. № 154 Қаулысына сәйкес валюта түрлері бойынша ҚР ҰБ белгілеген шетел валютасының лимитінен артатын сомаға валюта түрлері бойынша шетел валюталарын қайта айырбастау аумақтық бөлімшелеріне мемлекеттік мекеме қайта айырбастау күніне дейінгі келесі мерзімде:

валюта түрі мен сомасын көрсете отырып, шетел валютасын сатып алу қажеттілігі туралы хатты ұсынғаннан кейін;

АҚШ доллары, еуро, ағылшын фунт стерлингі, швейцария франкісі, ресей рублі - үш күн ішінде;

жапония иенасы - бес күн ішінде жүзеге асырылады.»;

340-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«340. Тиісті бюджетке және/немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына есептеуге арналған валюта түрлері бойынша шетел валютасын қайта айырбастауды

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган электрондық түрде төлем құжаттары қоса берілген шетел валютасындағы шоттар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен үзінді-көшірмені алған күннен бастап 3 күн ішінде ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Капиталдың сыртқы нарығында мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымынан түскен шетел валютасы тиісті бюджетке ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін қайта а й ы р б а с т а л а д ы .

Шетел валютасында түскен бағдарламалық сыртқы қарыз қаражаты тиісті бюджетке бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен шетел валютасындағы банкілік шотына түскен күннен бастап алты ай ішінде қайта а й ы р б а с т а л а д ы . » ;

391 және 392-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«391. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ салымдарына орналастыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган арасында уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған Бас келісім (бұдан әрі - Келісім) осы Ережеге 116-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ж а с а л а д ы .

Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция осы Ережеге 116-2-қосымшасына сәйкес мәміле паспортымен ресімделеді, онда салымды орналастыру бойынша барлық деректер: сомасы, орналастыру мерзімі, орналастыруды бастау және аяқтау күні, сыйақы ставкасы, сыйақы сомасы, қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасы, салымды мерзімінен бұрын талап ету кезінде қолданылатын сыйақы ставкасы болуға тиіс. Мәміленің барлық паспорттарына осы Ережеге 116-3-қосымшасына сәйкес тараптардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қояды және Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

Уақытша бос бюджет ақшасын аудару ниеті болған кезде, осы Ережеге 116-4-қосымшаға сәйкес, уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен расталған хабарлама т о л т ы р ы л а д ы .

Ақша мерзімінен бұрын, мәміле паспортында көрсетілген ағымдағы мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара талап етілген кезде осы Ережеге 116-5-қосымшаға сәйкес берілген ақшаны қайтару туралы талап ұсынылады.

Мәміле паспортында белгіленген ағымдағы мерзім аяқталуына дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Келісімде айтылған деректемелерді көрсете отырып, осы Ережеге 116-6-қосымшаға сәйкес жазбаша хабарлама ұсынады.

392. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ салымдарына орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция мәміле паспортымен ресімделеді, ол салымды орналастыру жөніндегі барлық деректерді: орналастыру сомасының мерзімін, орналастыруды бастау және аяқтау күнін, сыйақы ставкасын, сыйақы сомасын, қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасын, салымды мерзімінен бұрын талап ету кезінде

қолданылатын сыйақы ставкасын қамтуы тиіс. Сыйақы ставкасын «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қ Р Ұ Б белгілейді.

398 және 399-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«398. Өздеріне қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік органдардың міндеттемелерін қабылдау мен тіркеу және төлемдерді жүзеге асыру Бюджет кодексінің 83-бабына сәйкес айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

Бұл ретте, шарт нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша аванстық (алдын ала) төлемге осы Ереженің 168-181-тармақтарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жол беріледі.

399. Өздеріне қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік органдардың ақпарат ұсынуы және бюджетті атқару жөніндегі операцияларды есепке алуы мен есеп беруі Бюджет кодексінің 83-бабына сәйкес айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.» ;

403 және 404-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«403. Ақылы қызмет ҚБШ-сы бойынша операцияларды, Бюджет кодексінің 102-бабының 1-тармағына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету тәртібі негізінде, республикалық және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің өздерінің билігінде қалатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбесінің сыныптаушысы негізінде мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.» ;

404. Шығыстардың функционалдық сыныптамасының, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің кодтарын, пайда болу көздері мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес рұқсат етілген түсімдерді пайдалану бағыттары Бюджет кодексінің 102-бабының 1-тармағына сәйкес бекітілген республикалық немесе жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын, өздері сатудан түсетін ақша өздерінің билігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарлары (жұмыстары, қызметтері) тізбесінің сыныптаушысында (бұдан әрі - сыныптауыш) қамтылады.» ;

415-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«415. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган келісуге ұсынған мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарларға мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарлар осы Ережеге, Бюджет кодексінің 70-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органы анықтаған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөнінде ақылы қызмет көрсету тәртібі, Сыныптаушыға, шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша кірістер мен шығыстарды дұрыс есептеу тұрғысынан сәйкес келуге тексеріледі, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысымен келісіледі және елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылады .

432-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«432. Өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекемелер өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын ақша есебінен жасалатын шарт тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлері бойынша шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша көзделген сома шегінде жасалады.

Бұл ретте, бекітілген ерекшеліктер тізбесіне енгізілген шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқық мәмілелерді тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың түрлері бойынша жасалған мемлекеттік мекемелердің шарттары осы Ереженің 162-тармағының екінші абзацына сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуге жатады.

Мемлекеттік мекемелер өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын ақша есебінен жасасқан шартты тіркеу осы Ереженің 6-тарауының 4-9-параграфтарында белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінім негізінде жүзеге асырылады.»;

436-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«436. Бекітілген жоспарда көзделмеген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлері бойынша ақша түскен кезде түсімдер сомасы 902 «Анықталғанға дейін өзара есеп айырысу бойынша ұлттық валютада аударылған сома» деген шотта есептеледі. Түсімдерді 902-шотқа есептеген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 2-38 нысан бойынша төлем тапсырмасын 2 данада басып шығарады және ақша алушы болып көрсетілген мемлекеттік мекемеге аумақтық қазынашылық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесі басшысының қойылған қолы және өз мөртабанының бедері және қойылған қолы бар б і р д а н а н ы ж і б е р е д і . » ;

440-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«440. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Бюджет кодексінің 124-бабының 4-тармағына сәйкес анықтаған тәртіппен, нысанда және мерзімде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден мемлекеттік мекемелер алатын, өздерінің билігінде қалатын ақша түсімдері мен жұмсалыу жоспарларының орындалуы туралы есеп жасайды.» ;

450-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«450. Мемлекеттік мекеме Бюджет кодексінің 124-бабының 4-тармағына сәйкес анықталған тәртіппен, нысанда және мерзімде филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен ақшаның түсімі мен жұмсалыу туралы есеп жасайды және ұсынады.» ;

459-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«459. Мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілетін ақша бойынша Бюджет кодексінің 124-бабының 4-тармағына сәйкес анықтаған тәртіппен, нысанда және мерзімде есеп жасайды және ұсынады.»;

473-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«473. Аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының қаражатты жұмсауға арналған өкілеттік мерзімі қаржы жылының соңына келген жағдайда, сайлау бойынша төлемдер жүргізу № 157 Қаулысымен және қазынашылық бөлімшелері белгілеген мерзімде ҚБЕО төлем жүйесінің жұмысын ұйымдастыру үшін қаржы жылы аяқталған соң ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

502-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«502. Белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлуі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар айқындайтын т ә р т і п п е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасына дейін бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлу тәртібін әзірлейді және оны мүдделі бюджеттік бағдарламаның әкімшілеріне және жергілікті атқарушы о р г а н д а р ғ а ж о л д а й д ы .

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасы Парламенті республикалық бюджетті бекіту (нақтылау) туралы заңды қабылданған күннен кейін бес жұмыс күннің ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлу тәртібін бекіту туралы бұйрық жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға к е л і с у ү ш і н ж о л д а й д ы .

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлу тәртібі бөлінетін бюджеттік бағдарлама бекітілген бюджет құрамында бөлінетін бюджеттік бағдарлама бекітілген жағдайда ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірмей немесе бөлінетін бюджеттік бағдарлама нақтыланған бюджет құрамында бекітілетін жағдайда Қазақстан Республикасы Парламенті республикалық бюджет туралы заңды қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бұйрығымен б е к і т і л е д і . » ;

503, 504, 505, 506, 507, 508, 509, 510, 511, 512, 513, 514, 515, 516, 517, 518, 519, 520, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529-тармақтары алынып тасталсын;

567-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«567. Концессия шартының талаптарына сәйкес маңыздылығы ерекше

концессиялық жобаны іске асыру кезінде «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 болып тіркелді) (бұдан әрі - № 242 Қаулы) ҚР ҰБ белгілеген ұлттық валюта бағамы айтарлықтай өзгерген жағдайда, концессия объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы төлеу концессионердің қосымша табыс алу көзі ретінде де қолданылады.» ;

579-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«579. Қолжетімділік үшін төлемақы төлеуді, «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабының 7-9)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен бекітілген критерийлері бойынша әлеуметтік маңызы бар санатқа жататын концессиялық жобаларға ғана қатысты қолдануға болады.» ;

609-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы агенттіктері үшін бюджеттік кредиттің негізгі борышын өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұзақтығы Бюджет кодексінің 186-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленеді.» ;

623-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«623. Бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау Бюджет кодексінің 193-бабының 4-тармағына сәйкес тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе әкімдіктер шешімінің негізінде жүзеге асырылады.» ;

мынадай мазмұндағы 627-1-тармағымен толықтырылсын:

«627-1. Жеделдетілген оңалту рәсімін қолданғанда немесе қарыз алушыға қатысты оңалту рәсімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізгенде, қарыз алушының бюджеттік кредитін қайта құрылымдауға оңалту жоспарына сәйкес бір реттен көп емес рұқсат етіледі.» ;

628-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттерді тіркеуді, есепке алуды және мониторингін жүзеге асырады, қарыз алушылар, сенім білдірілген өкілдер (агенттер), түпкі қарыз алушылар міндетті тәртіппен берген ақпараттың негізінде жобалардың іске асырылуын бақылайды. Ақпарат беру нысандары мен мерзімдерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен Бюджет кодексінің 198-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленеді.» ;

631-тармақтың 6)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) тиісті мемлекеттік кіріс органының салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жоқ (бар) екендігі туралы белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Салық кодексі) 588

- бабының 5 - тармағына сәйкес; »;

649-тармақтың 4)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тиісті мемлекеттік кіріс органының салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жоқ (бар) екендігі туралы белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы Салық кодексіне сәйкес.»;

670-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«670. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандарын және шарттарын, ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін үкіметтік борышты өтеу және қызмет көрсету көлемдерін анықтайды.»;

684-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«684. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп қарыздар жөніндегі атқарушы агенттердің (түпкі қарыз алушылардың, банктердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің) міндетті тәртіпте ұсынған, сондай-ақ қарыз берушілерден немесе донорлардан алынған ақпараттары негізінде үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар қаражатының игерілуіне мониторинг жасауды жүзеге асырады. Атқарушы агенттердің ақпараттарды ұсыну нысаны мен мерзімі «Мемлекеттік сыртқы заемдар бойынша есеп беру туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі № 616 қаулысымен белгіленген.»;

709-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«709. Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша ТЭН әзірлеуге немесе түзетуге және экономикалық сараптамаға талаптарды Бюджет кодексінің 217-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды.

Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларға экономикалық сараптаманы Бюджет кодексінің 217-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған заңды тұлға жүзеге асырады.»;

719-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«719. Республикалық бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешімімен бекітіледі және жариялануға жатады.»;

724-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«724. Мемлекеттік кепілдікті беру туралы келісім мыналарды:

1) қарыз алушыға қойылатын талаптарды:

а) қарыз бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы

төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында
а қ ш а с о м а с ы н ж и н а у д ы жү р г і з у д і ;

б) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Даму Банкіне бар,
оның ішінде Қазақстан Республикасының ҰБ-дағы, екінші деңгейдегі банктердегі,
шетелдік банктер мен заңнамада белгіленген тәртіппен банктік операциялардың
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы банктік шоттар туралы
м ә л і м е т т е р д і ұ с ы н у д ы ;

в) қарыз толық өтелгенге дейін сенім білдірілген өкілге (банк-агентке) жыл
сайынғы бизнес-жоспарды ұ с ы н у д ы ;

г) ай сайын қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты,
қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті) және қаржылық жай-күйді
анықтайтын басқа да қажетті құжаттарды Қазақстан Даму Банкіне ұсынуды;

д) банк кепілдігінің не қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді және
қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару
жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 216-бабының 3) тармақшасына
сәйкес белгілейтін қарыздарды қайтаруды қамтамасыз ету талаптарын
қанағаттандыратын сақтандыру шартының болуын.»;

729 және 730-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«729. Банк кепілдігінің және сақтандыру шартының нысаны мен мазмұнын
бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша банк-кепілгер
және/немесе сақтандыру ұйымы Бюджет кодексінің 218-бабына сәйкес анықталады.

730. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 218-
бабына сәйкес қарыз берушімен келісім бойынша мемлекеттік кепілдіктің мазмұны мен
н ы с а н ы н а н ы қ т а й д ы . » ;

740-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«740. Бюджет комиссиясының шешімі және бекітілген жергілікті бюджеттер
тапшылығы өлшемдерінің негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті
органмен Бюджет кодексінің 211-бабына сәйкес қарыз алудың көлемі мен шарттарын,
сондай-ақ кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілетін
борышты өтеу мен оған қызмет көрсетудің мөлшерін анықтайды және бюджетті атқару
жөніндегі орталық уәкілетті органмен келіседі.»;

768 және 769-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«768. Үкіметтік сыртқы қарыздардың қолданыстағы және ағымдағы жыл мен
жоспарланған жылы тартуға көзделіп отырған қаражатын игеру болжамын мемлекеттік
жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган инвестициялық жобаларды іске асыру
кестесіне, үкіметтік ішкі қарыздардың түсу болжамын - бюджетті атқару жөніндегі
орталық уәкілетті орган жоспарланған жылы республикалық бюджет тапшылығын
қаржыландыру көлемінің болжамына негіздей отырып жүзеге асырады.

769. Республикалық бюджет тапшылығының көлемі, негізгі макроэкономикалық

көрсеткіштер жоспарланған жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен республиканың бюджеттік өлшемдерімен Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес, Ұлттық валюта бағамы - № 242 Қаулысына сәйкес анықталады.»;

783-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«783. Мемлекеттік кепілдіктер бойынша алынған міндеттемелерді орындаудың мерзімі мен көлемінің, ықтимал бағалаудың негізінде Бюджет кодексінің 203-бабының 1-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген қарыздарды жоспарланып отырған жылы өтеу мен қызмет көрсетуге арналып республикалық бюджеттен жұмсалатын шығыстардың жылдық көлемін анықтайды.»;

791-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«791. Бюджет кодексінің 203-бабының 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы айдың жиырма бесіне дейін ай сайын үкіметтік және Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген борышын, мемлекет кепілгерлігі бойынша борышты, сондай-ақ оларға сәйкес республикалық бюджеттің ақша жұмсауы жүзеге асырылатын, республикалық бюджет қаражатынан хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша үкіметтік қарыздардың төлемдеріне қызмет көрсету және өтеу кестесін (бұдан әрі - кесте) алдағы тұрған айға осы Ереженің 132-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасайды және бекітеді. Кесте үкіметтік қарыздардың, хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша үкіметтік қарыздардың төлемдеріне қызмет көрсету және өтеудің нақтыланған мерзімдері мен көлемдеріне сүйеніп жасалады және әрбір қарыз бен хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша үкіметтік қарыздардың бойынша төлемдердің күндері бойынша төлемнің түрін, валютасын және төлемді алушыларды көрсете отырып, болжамын қамтиды.»;

806 және 807-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«806. Республикалық бюджеттен мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттің кепілгерлігімен берілген қарыздарды, оның ішінде мерзімінен бұрын өтеу мен оларға қызмет көрсету Бюджет кодексінің 220-бабына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімі бар болған кезде жүзеге асырылады.

807. Мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыз бойынша қарыз алушылар үшін өтеу мен қызмет көрсетуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз шартында белгіленген мерзім мен көлемде, инфрақұрылымдық облигацияларды орналастыру талаптарымен қарыз берушілердің төлем шоттарының негізінде республикалық бюджеттен кезекті қаржы жылының ішінде жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 220-бабына сәйкес өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстар республикалық бюджет туралы заңда көзделген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз

алушылардың

тізбесін

бекітеді.

Көрсетілген тізбеге енбеген, мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыздар бойынша қарыз алушылар үшін республикалық бюджеттен төлеу туралы шешім мынадай тәртіппен қабылданады:

1) Банк республикалық бюджеттен мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыздар бойынша кезекті төлемдерді жүргізу қажеттілігі туралы қорытындыларды осындай төлемдер басталатын күнге дейін отыз күннен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады;

2) ұсынылған қорытындылардың негізінде он бес күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыз бойынша көрсетілген қарыз алушылар үшін төлемдерді республикалық бюджеттен төлемдер жүргізуді көздейтін шешім қабылдайды;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, сенім білдірілген өкілдің (банк-агенттің), инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушы өкілдің мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыз бойынша қарыз алушылардың арасында республикалық бюджеттен оқшауландырылған ақшаны қайтару шарттары, мерзімі, тәртібі анықталған (нақтыланған) тиісті қосымша келісімдер жасалады.» ;

809-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«809. Осы Ереженің 806-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімі болған кезде қарыз берушілер, инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушы өкілдер және ұсынған және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тексерген төлеуге берілген шоттар негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган төлем құжаттарын ресімдейді және ҚР ҰБ-ға жібереді, онда талаптарына сәйкес мемлекет кепілдік берген қарыздың сәйкестендіру нөмірі, бенефициар, төлем деректемелері, қарыз шарттарының инфрақұрылымдық облигацияларын орналастыру төлем түрі, сомасы, валютасы, күні көрсетіледі.»;

көрсетілген Ережені 99-1, 116-1, 116-2, 116-3, 116-4, 116-5 және 116-6 қосымшалармен осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі Б. Сұлтанов

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
----- Е. Досаев

2015 жылғы 30 қараша

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Ұлттық банкінің төрағасы
----- Д. Ақышев

2015 жылғы 27 қараша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 24 қарашадағы
№ 586 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
99-1-қосымша

**Корпоративтік төлем карточкасын қолдану арқылы есеп айырысуға
рұқсат етілген шығыстары мен шығындарының экономикалық
сыныптамаcының ерекшеліктер тізбесі**

Санаты	Сыныбы	Кіші сынып	Ерекшелік	Ерекшеліктер атауы	Шығындар тізбесі
1	2	3	4	5	6
1					
	1				
		110		Жалақы	
			111	Еңбекақы	Әскери қызметшілердің лауазымдық еңбекақысы
			113	Өтемақы төлемдері	Шұғыл қызметтегі әскери қызметшілерге әскери қызметтен босатылған кезде төленетін бір жолғы жәрдемақы және әскери қызметшілерге - шет мемлекеттердің әскери оқу орындарының түлектеріне сауықтыруға арналған жәрдемақы
		140		Сақтаулы қор сатып алу	
			141	Тамақ өнімдерін сатып алу	- спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат оқушыларының каникул және олардың оқу-жаттығу жиындарында болуы кезеңінде тамақтануымен; - донорларға ақысыз негізде қан тапсыруды (донацияны) жүзеге асыруы үшін энергетикалық

					шығындарын толтыруға арналған тегін тамақ орнына ақшалай өтемақы төлеумен байланысты шығындар бойынша
			142	Дәрі-дәрмектер және медициналық мақсаттағы өзге де құралдар сатып алу	Қанды сатып алу
			144	Жанар-жағар май, отын сатып алу	мемлекеттік мекемелердің: - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының әуе кемелеріне алыс және жақын шет елдерінде қызметтік іссапарларда болу кезінде жанар-жағар май (бұдан әрі - ЖЖМ) құю үшін материалдар құнын төлеумен байланысты; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген тізбеге енгізілген ерекше қауіпті мал ауруларының ошақтарын жоюды жүзеге асыратын арнайы автомобиль көліктеріне жанармай құюға арналған ЖЖМ құнын төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің шығыстарын төлеу кезінде ветеринарлық бақылау посттарында көлік құралдарын дезинфекциялау, мемлекеттік органдардың шешімі бойынша малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды алып қою және жою, сондай-ақ сатып алу ЖЖМ, малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды жою мақсатындағы шығыстары бойынша.
			149	Өзге де сақтаулы қорлар сатып алу	мемлекеттік мекемелердің шығыстары бойынша : - мемлекеттік саясатты және тауарлар үлгілерінің сатылу саласындағы сапасы мен қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалауды іске асыру үшін оларды сатып алумен байланысты техникалық реттеу және метрология саласындағы бақылау–қадағалау өкілеттіктерін іске асыратын; - көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер сатып алумен, байланысты шығыстары бойынша бірақта айына 20 айлық есептік көрсеткіштен артық емес.
		150		Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу	
			159	Өзге де қызметтер мен жұмыстар төлеу	Қазақстан Республикасының Әуе қорғанысы күштерінің әскери-көлік авиациясының, құқық қорғау органдарының әуе кемелеріне алыс және жақын шет елдерде іссапарларда болғанда қызмет көрсету жөніндегі әуежай қызметтерін төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің шығындары бойынша

		160		Басқа да ағымдағы шығындар	
			161	Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар үшін заңнамамен белгіленген іссапарда болған уақыт үшін тәуліктік, баратын жерге және кері қайту жол жүру үшін шығыстары, тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары және заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
			162	Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар үшін заңнамамен белгіленген іссапарда болған уақыт үшін тәуліктік, баратын жерге және кері қайту жол жүру үшін шығыстары, тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары және заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
			163	Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары	Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің аз қамтылған отбасынан шыққан аса мұқтаж оқушыларына ақшалай көмек көрсету
			167	Ерекше шығындар	Мемлекеттік құпиялар, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру, елдің қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген міндеттер мен өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік органдар іске асыратын іс-шараларға арналған шығындар
			169	Өзге де ағымдағы шығындар	- заңнамалық актілерге сәйкес мәдени, спорттық және басқа да іс шаралардың жеңімпаздары мен қатысушыларына әр түрлі сыйақылар, жүлделер, естелік сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, жеке тұлғаларға басқа да ақшалай төлемдер төлеуге; - бостандығын шектеу, қамау немесе бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден босатылатын тұлғалар үшін тұратын жеріне дейін жол жүру билеттерін сатып алуға; - мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің іссапар шығыстарынан басқа, сапарға шығу арқылы іс-шаралар (жол жүру, тұру, тамақтану) өткізуге; - бюджеттік бағдарлама әкімшіліктерінің өткізетін іс-шараларына қатысушылардың (республиканың түрлі аймақтары, жақын, алыс шет ел өкілдерінің) жол жүру шығындарын өтеу бөлігіндегі өкілдік шығыстармен; - нотариалдық қызметтерге ақы төлеуге; - қызметтік автокөлікке техникалық тексеру жүргізуге және қызметтік автокөлікке мемлекеттік нөмірлер сатып алуға байланысты шығындар бойынша

		320		Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	
			322	Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	Мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына почта аударымдары үшін ақшалай өтемақы төлеуге байланысты шығындар, мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарына демалысқа кетуі кезінде азық-түлік үлесінің орнына төленетін ақшалай өтемақы бойынша
			324	Стипендиялар	Кәсіптік-техникалық мектептердің оқушыларына стипендиялар және құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Қорғаныс және Төтенше жағдайлар министрліктері тындаушыларының ақшалай ырыздық ақысын төлеуге байланысты шығындар бойынша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ыл ғы 2 4 қ а р а ш а д а ғы
№ 5 8 6 б ұ й р ы ғы н а
2-қосымша
Б ю д ж е т т і ң а т қ а р ы л у ы ж ә н е
о ғ а н к а с с а л ы қ қ ы з м е т
к ө р с е т у е р е ж е с і н е
116-1-қосымша

**Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған
бас келісім**

Астана қаласы № _____ «__» _____ 20__ ж.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, бұдан әрі «Министрлік» деп аталатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің негізінде әрекет ететін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 199 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ереженің негізінде әрекет ететін

_____ бір тараптан, және
(лауазымының атауы) (Т.А.Ж.)

_____ бұдан
(облыстық/қалалық бюджетті атқару жөніндегі органның атауы)
әрі «Салымшы» деп аталатын, Әкімдіктің 20__ж. «_» ____№ __қаулысымен бекітілген

(облыстық/қалалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның
а т а у ы)

Мемлекетік мекеме туралы ереже негізінде әрекет ететін _____
(лауазымының атауы)

_____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар»
(Т . А . Ж .)

деп аталатындар төмендегілер туралы уақытша бос бюджет ақшасын
аударуға арналған осы Бас келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты:

1. Келісімнің мәні

1.1. Екі жақты мәмілелер түрінде Тараптар арасында Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін (бұдан әрі - ҚР Ұлттық
банк салымы) уақытша бос бюджет ақшасын орналастыруды (аударуды) жүзеге асыру
тәртібі Келісімнің мәні болып табылады.

1.2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және Келісімге сәйкес
Салымшы уақытша бос бюджет ақшасын береді, ал Министрлік оларды ҚР Ұлттық
банк салымына орналастыруға міндеттеме алады.

1.3. Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция
осы Ереженің 116-2-қосымшасына сәйкес мәміле паспортымен ресімделеді, онда
салымды орналастыру бойынша барлық деректер: сомасы, орналастыру мерзімі,
орналастыруды бастау және аяқтау күні, сыйақы ставкасы, сыйақы сомасы,
қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасы, салымды мерзімінен бұрын
талап ету кезінде қолданылатын сыйақы ставкасы болуға тиіс. Мәміленің барлық
паспорттарына осы Ереженің 116-3-қосымшасына сәйкес Тараптардың уәкілетті
лауазымды тұлғалары қол қояды және Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

1.4. Келісімді орындау жөніндегі барлық қажетті шараларды Министрліктің атынан
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті жүзеге
асырады.

2. Уақытша бос бюджет ақшасын аудару тәртібі

2.1. Министрлік Салымшыдан келіп түсетін ақшаны есепке алу үшін
қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ҚБАЖ) № _____
_____ ш о т _____ а ш а д ы .

2.2. Салымшы уақытша бос бюджет ақшасын аударуға ниеті болған кезде осы
Ереженің 116-4-қосымшасына сәйкес Министрлікке уәкілетті тұлға қол қойған және
мөрмен растаған хабарлама жібереді.

2.3. Министрлік хабарлама алғаннан кейін кейінгі күннен кешіктірмей

Салымшының атына факсимильдік байланыс арқылы Салымшының қол қоюы және мөр бедерімен бекіту үшін қол қойылған және мөр бедерімен бекітілген мәміле паспортын жібереді (бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір-бір данадан) .

2.4. Салымшы Министрліктен факсимильдік байланыс арқылы мәмілелер паспортын алғаннан кейін оларға қол қояды, мөрмен бекітіледі, кейін факсимильді байланыс арқылы Министрліктің атына кері жіберіледі.

2.5. Салымшы қол қойылған мәміле паспорты негізінде сол күні астана уақытымен 11 сағат 30 минутта _____ Қазынашылық департаментіне

_____ Тараптар қол қойған мәміле
(о б л ы с т ы қ н е м е с е қ а л а л ы қ)
паспортының Салымшының түпнұсқалық қолы мен мөр бедерімен, сондай-ақ аша аударуды төлеу шотымен Министрліктің аталған деректемесіне жібереді.

Салымшы ұсынған мәміле паспорты Қазынашылық департаментіне ұсынылады және ақша аударуға арналған негіздердің бірі болып табылады.

2.6. Министрлік Салымшыдан ақша түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей Ақшаны ҚР Ұлттық банк салымдарына орналастырады.

2.7. Министрлік қол қойылған және мөр бедерімен бекітілген мәмілелер паспортының факстық нұсқаларын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей қол қойылған және мөр бедерімен бекітілген мәмілелер паспортының 4 (төрт) данасын салымшының қол қоюы және мөрмен бекітуі үшін почтамен жібереді.

2.8. Салымшы Министрліктен мәмілелер паспортын алған соң оларға қол қойып және мөр бедерімен бекітіп мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данадан М и н и с т р л і к к е қ а й т а р а д ы .

2.9. Мәміле паспортында көрсетілген ағымдағы мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара талап еткен кезде Салымшы Министрлікке 3.14-тармақта айтылған деректемелерді көрсете отырып, осы Ереженің 116-5-қосымшасына сәйкес Министрлікке берілген ақшаны қайтару туралы Министрлікке талап ұсынуға міндетті.

2.10. Салымшы мәміле паспортында белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Министрлікке сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін 3.1.4-тармақта айтылған деректемелерді көрсете отырып, осы Ереженің 116-6-қосымшасына сәйкес жазбаша хабарлама ұ с ы н а д ы .

2.11. Министрлік салымшыдан осы Ереженің 116-6-қосымшасына сәйкес хабарлама алған күннен кейінгі күннен кешіктірместен факсимильдік байланыс арқылы салымшының қол қоюы және мөрмен бекітуі үшін 4 (төрт) данада түпнұсқалық қолы мен мөр бедерімен бекітілген мәміле паспорттарын почтамен жібереді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Министрлік міндеттенеді:

3.1.1. Салымшыдан хабарлама алғаннан кейін келесі күннің астана уақытымен сағат 11-ден кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген мәмілелер паспортын қол қою үшін жіберуге.

3.1.2. Факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген мәмілелер паспортын жібергеннен кейін келесі күннен кешіктірмей почтамен 4 (төрт) данада мәмілелер паспортының қол қойылған және мөртабанмен бекітілген түпнұсқаларын Салымшы қол қою және мөртабанмен бекіту үшін жіберуге.

3.1.3. Ақша № _____ шотқа түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей ҚР Ұлттық банкінің салымдарына орналастыруға.

3.1.4. Салымның мерзімі аяқталғаннан кейін немесе Салымшының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы жазбаша талап етуін Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мерзімінен бұрын талап еткен кезде салымды _____ облысының Қаржы басқармасы БЖК _____ № _____ ЖБК, бенефициардың БСН-і _____, ал ҚР Ұлттық банкі есептеген сыйақыны (мүддені) ЖБК _____, БЖК _____, бенефициардың атауы мен БСН-і, кіріс коды _____ қайтаруға міндеттенеді.

3.2. Салымшы міндеттенеді:

3.2.1. ҚР Ұлттық банкінің салымына орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын беру ниеті болған кезде астана уақытымен сағат 11-ден кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы Министрлікке уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген хабарламаны Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес жіберуге.

3.2.2. Министрліктен мәмілелер паспортын алғаннан кейін астана уақытымен 11 сағат 30 минуттан кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген мәміле паспорттарды жіберуге.

3.2.3. Астана уақытымен 11 сағат 30 минутқа дейін _____ Қазынашылық департаментіне (облыстық немесе қалалық) Салымшының қолының және мөртабанының түпнұсқасымен тараптар қол қойған мәмілелер паспортына, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің салымдарына орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған ақы төлеуге шоттың факстік нұсқасын беруге.

3.2.4. Министрліктен мәмілелер паспортының түпнұсқаларын алғаннан кейін оларға қол қоюға, мөртабанмен бекітуге және мәмілелер паспортының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір-бір данасын Министрлікке қайтаруға.

3.2.5. Мәмілелер паспортында белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы

мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Министрлікке салым және сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін қажетті тиісті деректемелерді нақты көрсете отырып, салым сомасын толық көлемде мерзімінен бұрын талап еткен немесе ішінара талап еткен кезде Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес хабарлама ұсынуға міндеттенеді.

3.3 Министрлік құқылы:

3.3.1. Салымшы Келісімнің 2.10-тармағына сәйкес шарттың әрекет ету мерзімін ұзартқан кезде ҚР Ұлттық банкі ұсынатын ставкаға Салымшымен келісім бойынша сыйақының (мүдденің) бастапқы белгіленген ставкасын өзгертуге құқығы бар.

3.4. Салымшы құқылы:

3.4.1. Салымды беру мерзімін ұзартуға.

3.4.2. Келісімнің 2.9.-тармағына сәйкес салымдарды толық көлемде және ішінара мерзіміне дейін талап етуге құқығы бар.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Келісім бойынша өз міндеттемелеріне жауапкершілікте болады.

4.2. Министрлік есептелген сыйақыдан (мүддеден) салым қайтару мерзімін бұзған жағдайда, Министрлік Салымшыға Келісімнің 3.1.4-тармағында көрсетілген ҚР Ұлттық банкінен нақты алынған айыппұл сомасын төлейді.

4.3. Министрлік Салымшының өз міндеттемелерін уақтылы орындамауының салдарынан пайда болған зиянға жауапкершілікте болмайды.

4.4. Салымшы Келісімнің 3.2.3-тармағында көрсетілген ақшаны аударуға төлеуге шотты беру мерзімін бұзған кезде Салымшы Министрлікке соманы уақтылы аудармағаны үшін әрбір мерзімі өткен аудару күнтізбелік күніне ҚР Ұлттық банкі беретін айыппұл мөлшерінен төмен емес айыппұл төлейді.

5. Форс-мажор

5.1. Тараптар, егер орындамау күтпеген мән-жайлар, атап айтқанда: өрт, топан су, зілзала, індет, әскери іс-қимылдар, электр энергиясы мен телекоммуникациялық байланыстың уақытша болмауының және Келісім бойынша міндеттемелерін орындауға тікелей әсер ететін Тараптардың еркіне бағынбайтын басқа мән-жайлардың салдары болып табылатын болса, Келісім бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

Тараптардың біреуі немесе екеуі үшін Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін Қазақстан Республикасының заң шығарушы және атқарушы билік органдары шешімдерінің салдары үшін тараптар жауап бермейді.

Тараптар, егер мұндай мән-жайлар болған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және байланыс болған кезде, оның әсерінен зардап шеккен Тарап болған жағдай туралы екінші Тараптың назарына жеткізсе, сондай-ақ өз тарапынан форс-мажорлық

мән-жайлардың салдарын жылдам жою үшін барлық күш-жігерін жұмсаса, өздеріне алған міндеттемелерді орындаудан босатылады.

5.2. Форс-мажорлық мән-жайларға байланысты зиян шеккен Тарап тежеусіз күштің объектісі болған Тараптан болған оқиғаларға дәлелдер, сондай-ақ шеккен зиян көлемін есептеуге байланысты кез келген басқа құжаттаманы талап ете алады.

6. Келісімнің қолданылу мерзімі, бұзу және өзгерту шарттары

6.1. Келісім Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындағанға дейін әрекет етеді. Бұл ретте, Келісім облыстық (қалалық) Қазынашылық департаментінде тіркелуге жатпайды.

6.2. Келісім Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды және Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылады.

6.3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапты келісімді бұзудың болжамдалған күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінде бұл туралы ескерте отырып және Келісім бойынша бұрын өзіне алынған міндеттемелерді орындай отырып, Келісімді бұзуға құқығы бар.

7. Э з г е д е ш а р т т а р

7.1. Тараптардың арасындағы Келісім бойынша пайда болған барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Келісім бірдей заң күші бар екеуі мемлекеттік, екеуі орыс тілдерінде төрт түпнұсқа дана да жасалған.

7.3. Осы Келісіммен реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.4. Тараптардың біреуі немесе Тараптардың екеуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Келісім бойынша барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық м и р а с қ о р ы н а к ө ш е д і .

7.5. Егер салым мерзімінің соңғы күні жұмыс күні емес күнге сәйкес келсе, салым есептелген сыйақымен (мүддемен) бірге келесі жұмыс күніне қайтарылады, бұл ретте, көрсетілген жұмыс күні емес күнге сыйақы (мүдде) есептелмейді.

8. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

Қазақстан Республикасы	Қаржы министрлігі	(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті
Астана қ.,	индексі 100000	орғанның атауы)
Жеңіс даңғылы,	11 үй	индексі _____, _____ қ.
ЖБК	_____	_____ № _____
БЖК	_____	ЖБК _____
БСН _____	_____	БЖК _____
Қазақстан Республикасы	Қаржы	БСН _____
министрлігі	Қазынашылық	Қазақстан Республикасы
комитетінде		Қаржы
		Қазынашылық комитетінде
		_____ атынан

Қазақстан Республикасы министрлігі	Қаржы атынан	(бюджетті атқару органның атауы)	жөніндегі уәкілетті
(қолы) (Т.А.Ж.) М.О.		(қолы) (Т.А.Ж.) М.О.	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 4 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 5 8 6 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Б ю д ж е т т і ң а т қ а р ы л у ы ж ә н е
о ғ а н к а с с а л ы қ қ ы з м е т
к ө р с е т у е р е ж е с і н е
116-2-қосымша

МӘМІЛЕ ПАСПОРТЫ № ____

_____ 20__ ж.

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)
береді, ал Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі _____ теңге
с о м а с ы н д а с а л ы м қ а б ы л д а й д ы .

Орналастыру мерзімі: _____

Орналастырудың басталу күні: _____

Орналастырудың аяқталу күні: _____

ҚР ҰБ сыйақы ставкасы: _____

ҚР ҰБ сыйақы сомасы: _____

ҚР ҰБ қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасы: _____

Салымды мерзімінен бұрын талап еткен кезде қолданылатын сыйақы
ставкасы: _____

«__» _____ 20__ ж. _____ KZT

(с о м а с ы с а н м е н)

М и н и с т р л і к к е т ө л е й д і ,

Астана қаласы, ЖБК № _____, БЖК _____ БСН-і _____

_____ деректемелері

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның)

ЖБК № _____, БЖК _____, БСН-і _____

Тараптардың қолдары:

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазынашылық комитетінің

а т ы н а н

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті

органның атауы)

а т ы н а н

(лауазым атауы)	(лауазым атауы)
(қолы)	(Т.А.Ж.)
М.О.	М.О.
Қазақстан	Республикасы
Қаржы	министрінің
2015	жылғы
№	24
586	бұйрығына
4-қосымша	
Бюджеттің	атқарылуы
оған	қызмет
көрсету	ережесіне
116-3-қосымша	
Мәміле паспортын ресімдеген кезде қол қоюға құқығы бар	
уәкілетті лауазымды тұлғалар	
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен:	
Қазынашылық	комитетінің
Төрағасы	
(қолы)	(Т.А.Ж.)
Қазынашылық	комитеті
төрағасының	орынбасары
(қолы)	(Т.А.Ж.)
Қазынашылық	комитеті
төрағасының	орынбасары
(қолы)	(Т.А.Ж.)
:	
(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)	
(лауазымның атауы)	(қолы)
(лауазымның атауы)	(Т.А.Ж.)
ТАРАПТАР ҚОЛЫ:	
Қазақстан Республикасы	
Қаржы министрлігі	(лауазымның атауы)
Қазынашылық комитетінің	
Төрағасы	(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)

(қ о л ы)

(қ о л ы)

(Т . А . Ж .)

(Т . А . Ж .)

М.О.

М.О.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

5 8 6

б ұ й р ы ғ ы н а

5-қосымша

Б ю д ж е т т і ң

а т қ а р ы л у ы

ж ә н е

о ғ а н

к а с с а л ы қ

қ ы з м е т

к ө р с е т у

е р е ж е с і н е

116-4-қосымша

Ш ы ғ .

№

«__» _____ 20__ ж.

ХАБАРЛАМА

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)

20__ жылғы «__» _____ бастап «__» _____ дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкідегі салымдарға (депозиттерге) орналастыру үшін _____ күн мерзіміне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне

(с а н м е н ж ә н е ж а з у м е н)

сома беруге ниеттенеді.

Уәкілетті лауазымды тұлға _____
(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

5 8 6

б ұ й р ы ғ ы н а

6-қосымша

Б ю д ж е т т і ң

а т қ а р ы л у ы

ж ә н е

о ғ а н

к а с с а л ы қ

қ ы з м е т

к ө р с е т у

е р е ж е с і н е

116-5-қосымша

Ш ы ғ .

№

«__» _____ 20__ ж.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне
берілген ақшаны қайтару туралы**

ТАЛАП

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)

20__ж. «__» _____ Келісімнің 2.9-тармағы негізінде 20__ж. «__» _____

(санмен және жазумен)

сомасындағы салымды ішінара/толықтай қайтаруды және ЖБК _____,

БЖК _____, бенефициардың атауы және БСН-і _____

аударуды _____ өтінеді.

Талап етілген соманың есептелген сыйақы (мүдде) сомасын ЖБК _____,

БЖК _____, бенефициардың атауы және БСН-і _____,

кіріс код _____ аударуды сұраймыз.

Уәкілетті лауазымды тұлға _____

(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 24 қарашадағы

№ 586 бұйрығына

7-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және

оған кассалық қызмет

көрсету ережесіне

116-6-қосымша

Шығ. № _____

«__» _____ 20__ж.

ХАБАРЛАМА

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)

салым мерзімінің аяқталуына байланысты _____ теңге

соманы (мәміле паспорты №__ «__» _____ 20__ж.), Келісімнің

2.10-тармағына сәйкес 20__ жылғы «__» _____ бастап «__» _____ дейін

«__» _____ күн мерзімге созуыңызды сұрайды.

Банк салымында нақты болған ақшаның есептелген сыйақы (мүдде)

ЖБК _____, БЖК _____, бенефициардың атауы және БСН-і

_____ кіріс код _____ аударуды сұрайды.

Уәкілетті лауазымды тұлға _____
(қолы) (Т.А.Ж.) _____
М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК